

**«Өңір» Депутаттық тобы отырысының қорытындысы бойынша  
«Азаматтарымызды еліміздің еңбек күші артық өңірлерінен еңбек  
күші тапшы өңірлеріне көшіру бойынша жүргізіліп жатқан  
жұмыстың барысы туралы»  
ҰСЫНЫМДАР**

Қазақстан Республикасы

Парламентінің Сенаты

2021 жылғы 30 қараша

Отырысқа қатысушылар аталған тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігін атап өтіп, азаматтарымызды жұмыс күші артық өңірлерден жұмыс күші тапшы өңірлерге көшіру жұмыстарын жетілдіру және жандандыру бойынша кешенді және жүйелі шаралар қабылдау мақсатында **ҰСЫНЫЛАДЫ:**

**1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІНЕ:**

1.1. Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер мен толықтырулар әзірлеу және енгізу:

- қоныс аударушыларға мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй, сондай-ақ жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін (ауданы кемінде 0,1 га) берудің оңайлатылған тәртібін енгізу;

- ағымдағы инфляциялық процестерді және тұрғын үй нарығындағы жағдайды ескере отырып, бюджет қаражаты есебінен қоныс аударушылар үшін салынып жатқан тұрғын үй бойынша қолданыстағы баға саясатын қайта қарау және қажетті бос мамандықтар бойынша жұмысқа орналасатын қоныс аударушылар, сондай-ақ олардың жұмыс берушілері тұрғын үй салу кезінде өз қаражаты есебінен шеккен шығындардың бір бөлігін (кемінде 50%) өтеу тетігін енгізу;

- қоныс аударушылардың жеке тұрғын үй салу кезінде шеккен шығындарды өтеуге субсидиялар алғаннан кейін 10 жыл ішінде тұрғын үйді сату, жалға беру мүмкіндігін болдырмау;

- «Серпін» жобасының түлектері үшін қолданыстағы «Дипломмен - ауылға» бағдарламасына ұқсас тұрғын үй сатып алу және салу үшін бюджеттік кредиттер беру жолымен әлеуметтік жеңілдіктер енгізу;

- ауыл шаруашылығы (аграрлық) мамандықтарына түсетін талапкерлер үшін ауылдық квотаны 30-дан 50%-ға дейін ұлғайту.

#### 1.2. Бағытталған шараларды қабылдау мүмкіндігін қарастыру:

- көзделген субсидиялардың толық көлемін алуға кедергі келтіретін кредиттер бойынша өтелмеген берешек болған кезде қоныс аударушылар үшін (мерзімі 6 айдан 1 жылға дейін) кредиттік (төлем) каникулдарды белгілеу;

- шығу өңірлерінен келу өңірлеріне тұрақты тұру үшін келетін қоныс аударушылар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті санын (қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы) жылына 2 мыңнан 10 мың отбасына дейін ұлғайту;

- бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар, сондай-ақ ауыл шаруашылығымен (мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру) айналысу үшін жер учаскелерін беру арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін жағдайлар жасау;

- көшіп келген әлеуетті қызметкерлердің жедел рекрутингін қамтамасыз ету мақсатында шығу өңірлері алаңдарында жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің және келу өңірлерінің әлеуетті жұмыс берушілерінің қатысуымен жыл сайын республикалық бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін өткізу практикасын енгізу;

- үкіметтік емес ұйымдарды тарта отырып, оның ішінде мемлекеттік қолдау шаралары, бос жұмыс орындары, елді мекендердің инфрақұрылымы туралы мәліметтерді және келу өңірлері туралы басқа да өзекті ақпаратты қамтитын бірыңғай республикалық сайт құру арқылы жүргізілетін үгіт-түсіндіру жұмысының тиімділігін арттыру;

- Павлодар облысының тәжірибесін ескере отырып, мемлекеттік қолдау шараларын алғанға дейін қоныс аударушыларға консультациялық-ақпараттық және тұрғын үй көмегін көрсетуге мамандандырылған келу өңірлерінде оңалту орталықтарын ашу

мүмкіндігін зерделеу (субсидиялар төлеу, тұрақты тұрғын үй беру, жұмысқа орналастыру және т.б.).